

<i>Сабақ № № урока</i>	<i>Бөлімдер мен тақырыптардың аттары Наименование разделов и тем</i>	<i>Сағаттар саны Кол-во часов</i>
I Бөлім. Адам және дүние		
1.	Дүниетаным ұғымы және тарихи типтері.	2
2.	Ғылыми танымның жалпы қағидалары мен әдістері.	2
II Бөлім. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде		
3.	Қазіргі қоғам. Қоғамдық қатынас жүйесіндегі адам.	2
4.	Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік. Тұлғаның адамдық негіздері.	2
5.	Қазіргі өркениеттің ерекшеліктері. Адам өміріндегі құндылықтар.	2
6.	Қоғам және өркениет. Отбасы – әлеуметтік топ.	2
7.	Әлеуметтік қатынастар. Діни төзімділік.	2
III Тарау. Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу		
8.	Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері. Саясаттану туралы білім.	2
9.	Саясат және мәдениет. Жеке тұлға және саясат.	2
10.	Адам құқықтары және оны қорғау. Еңбек құқығының негіздері	2
11.	Отбасылық құқық негіздері	2
IV тарау. Нарықтық экономика		
12.	Капитал нарығы және табиғат ресурстары. Нарықтық субъектінің экономикалық тәртібі.	2
13.	Ұлттық экономика және оның динамикасы. Нарықтық құрылымның типтері.	2
14.	Кәсіпкерлік қызмет негіздері. Өндірушінің экономикалық мәдениеті.	2
15.	Экономикалық өсім ерекшеліктері. Еңбек нарығы.	2

V Тарау. Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет		
16.	Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары. Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік.	2
17.	Жеке құқықтың негізгі салалары. Құқық қорғау органдары.	2
18.	Заңдылық және құқықтық тәртіп. Экологиялық құқық негіздері. Жария құқықтың негізгі салалары.	2
19.	Бақылау жұмысы	2
	Барлығы	38

Оқу пәнінің мазмұны

I Бөлім. Адам және дүние

1-ші тақырып. Дүниетаным ұғым және дүниетанымның тарихи типтері.

Дүниетаным ұғым және дүниетанымның тарихи типтері. Философия дүниетанымның теориялық өзегі ретінде. Философия – даналыққа құштарлық және саналы және игілікті өмір туралы ілім. Философия – ақыл ой мәдениеті.

Дүниетанымның ұұрылымы мен деңгейі. Философияның негізгі орталығы – адам. Мифологиялық, діни және философиялық дүниетанымдағы адамның бейнесі.

Дүниетанымның ерекшелігі. Жаратылыстану ғылымы дүниетанымындағы адам және әлем. Философиялық дүниетанымның ерекшеліктері мен мің.

Адамның дүниеге танымдық көзқарасы. Әлемді тану мәселесі, адамның танымдық қызметі. Сезімдік және рационалды таным, ақиқат ұғымы, оның өлшемдері, жаратылыстану ғылымдарының спецификасы. Дүниенің танымдылығы мәселесіне қатысты негізгі тұрғылар.

2-ші тақырып. Ғылыми танымның жалпы қағидалары мен әдістері.

Ғылыми танымның жалпы қағидалары мен әдістері. Ғылымның пайда болуы. Ғылыми ойлаудың негізгі ерекшеліктері мен ғылыми зерттеу әдістері. Ғалымдардың әлеуметтік жауапкершілігі. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар. Білім беру және білімділік.

Бостандық және жауапкершілік. Бостандық адамның тұлғасы қалыптасуының шарты. Тұлғаның өз өмірі үшін жауапкершілігі. Адам өміріндегі құндылықтар.

II Бөлім. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде.

3-ші тақырып. Қазіргі қоғам. Қоғамдық қатынас жүйесіндегі адам.

Қазіргі қоғам. Қазіргі қоғам өзара байланыс жүйесі ретінде, әлеуметтік өзара қарым қатынастардың түрлері, әлеуметтік топтар, олардың түрлері. Әлеуметтік институттар және оның түрлері. Әлеуметтік институттың негізгі қызметтері. Әлеуметтік тәртіп және қақтығыс, артық мінез-құлық жіне әлеуметтік бақылау.

Қоғамдық қатынас жүйесіндегі адам. Әлеуметтану негіздері. Әлеуметтік қатынас, әлеуметтену үдерісі. Әлеуметтік орта. Жеке тұлға әлеуметі.

4-ші тақырып. Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік. Тұлғаның адамдық негіздері.

Қазіргі әлемдегі этникалық көптүрлілік. Ұлыс және ұлт. Этномәдени құндылықтар және салт-дәстүр, этностың ментальдік ерекшеліктері. Ұлтаралық ынтымақтастық және келіспеушіліктер, ұлтаралық қарым-қаынастарды реттеу мәселелері.

Тұлғаның адамдық негіздері. Тұлғаның адамгершілік қағидалары. Руханият, адамдық ұстанымдары, ізгілік және зұлымдылық, қарыз және ұят, моральдік идеал, ұлтжандылық және азаматтылық. Тәрбие мен білімнің адамгершілік қызметтері.

5-ші тақырып. Қазіргі қоғам және өркениет. Адам өміріндегі құндылықтар.

Қазіргі қоғам және өркениет. Жаһандану үдерісі, жаһандануға қарсылық, компьютерлік революция. Қоғам және адам ХХІ ғасырдаң қауіп-қатерлері алдында, ғаламдық мәселені шешудегі гуманитарлық ғылымның рөлі.

Адам өміріндегі құндылықтар. Үш басты «нәрселік құндылықтар». Практикалық өмір-рақым. Сезімдік эстетикалық өмір-сұлулық. Ғылыми қызмет-ақиқат. Қоғамның рухани құндылықтары. Адамның рухани мәдениетінің негіздері.

6-шы тақырып. Қоғам және өркениет. Отбасы – әлеуметтік топ, әлеуметтік рөлі, нормалары, отбасы құндылықтары.

Қоғам және өркениет. Қазіргі өркениеттің ерекшеліктері. Шығыс және Батыс өркениеті. Қоғамдық психология және діл. «Адам – қоғам» жүйесінің проблемалары. Өркениеттің техника-технологиялық базисі.

Отбасы – әлеуметтік топ, әлеуметтік рөлі, нормалары, отбасы құндылықтары. Отбасындағы тұлға аралық қатынастар. Отбасылық қатынастар этикасы, отбасылық парыз, отбасы мүшелеріне қамқорлық таныту.

7-ші тақырып. Әлеуметтік қатынастар, әлеуметтену үдерістері, индивидтің әлеуметтенуі. Діни төзімділік.

Әлеуметтік қатынастар, әлеуметтену үдерістері, индивидтің әлеуметтенуі. Тұлғаның ілеуметтік статусы. Әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар. Әлеуметтік қақтығыстар мен олардың конструктивтік шешімі.

Діни төзімділік. Дін, діни ұйымдар және бірлестіктер, қазіргі қоғам өміріндегі оның рөлі. Дін және гуманитарлық ой, діни және діни емес дүниетанымдардың диалогы. Діни экстремизмнің алдын алу.

III Бөлім. Қоғамдық қатынасты құқықтық реттеу

8-ші тақырып. Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері. Саясаттану саясат туралы білім

Адам мен азаматтың құқығы және міндеттері. Конституциялық құқық және міндеттер, адам құқығы мен азаматтық ұғымы. Қазақстан Республикасындағы адамдар және азаматтар құқығы мен бостандығының конституциялық кепілі.

Саясаттану саясат туралы білім. Саясаттану ғылым ретінде, саясаттанудың пайда болуы, негізгі мәселелрі, негізгі саясаттанулық тұжырымдамалар. Саясаттанулық білімнің құрылымы, қоғамдық өмірді басқаруға саналы түрде қатысу үшін саясаттану білімдерінің маңызы.

9-шы тақырып. Саясат және мәдениет. Жеке тұлға және саясат.

Саясат және мәдениет. Саясат өнер ретінде, қоғамдық қатынастарды саяси реттудегі ерекшеліктер, саяси жүйе, оның құрылымы, қызметі. Саяси институттар жөнінде түсінік, нормалары, коммуникациялары, үдерістері.

Жеке тұлға және саясат. Саяси элита, саяси көшбасшы туралы түсінік, жетекшіліктің типологиясы. Саяси көшбасшының көрінісі, қоғамдық санадағы құрылымы және қолдау.

10-шы тақырып. Адам құқықтары және оны қорғау. Еңбек құқығының негіздері.

Адам құқықтары және оны қорғау. Қазақстан азаматтары құқығы мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау. Адам құқығын халықаралық-құқықтық қорғау. Адам құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық-құқықтық актілер.

Еңбек құқығы ұғымы және негізгі бастаулары, еңбек қатынастары аясындағы кепілдемелер. Еңбек шарты, еңбек шартын бекіту және бұзу. Кәмелетке толмағандар еңбегінің ерекшеліктері, жұмыс және демалыс уақыты, тәртіптік жауапкершілік.

11-ші тақырып. Отбасылық құқық негіздері

Отбасылық құқық ұғымы және негізгі бастаулары. Отбасылық құқықтағы негізгі ұғымдар, некелік-отбасылық құқықтың принциптері. Неке тұжырымының шарттары, некені тоқтату. Ерлі-зайыптардың міндеттері, некелік келісім, бала құқықтары.

IV Бөлім. Нарықтық экономика

12-ші тақырып. Капитал нарығы және табиғат ресурстары. Нарықтық субъектінің экономикалық тәртібі.

Капитал нарығы және табиғат ресурстары. Инвестициялар мен жинақтар, кредит және оның түрлері. Несиелік жүйе және оның элементтері, табиғи ресурстар нарығы.

Тұтынушының экономикалық мәдениеті, нарықтық экономикадағы тұтынушының тәртібі. Табыс көздері, қорлар, тұтынушының шығындары. Тұтыну бюджетін жоспарлау. Тұтынушылық несие, тұтынушыны қорғау, сұраныс заңы және факторлары.

13-ші тақырып. Ұлттық экономика және оның динамикасы. Нарықтық құрылымның типтері.

Ұлттық экономика және оның динамикасы. Экономикалық дамудың негізгі принциптері, ұлттық экономиканың айналымы (ресурстар, кіріс пен азық-түлік ағымы). Ұлттық экономиканың негізгі көрсеткіштері (ұлттық байлық, ұлттық азық және кіріс).

Нарықтық құрылымның типтері. Макроэкономика. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі мен мәні. Монополистік бәсеке. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеудің түрлері мен әдістері.

14-ші тақырып. Кәсіпкерлік қызмет негіздері. Өндірушінің экономикалық мәдениеті.

Кәсіпкерлік қызмет негіздері. Кәсіпкерлік өндірістің факторы ретінде. Кәсіпкерліктің субъектілері мен объектілері, оның дамуының мақсаттары мен факторлары. Кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық формалары, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

Өндірушінің экономикалық мәдениеті. Өндірушілердің нарықтық экономикадағы әрекеттері. Бизнесті ұйымдастырудың негізгі нысаны. Бизнес жоспарды дайындаудың қағидалары. Фирманың шығындары мен пайдасы.

15-ші тақырып. Экономикалық өсім ерекшеліктері. Еңбек нарығы.

Экономикалық өсім ерекшеліктері (мәні, типтері, көрсеткіштері, әлеуметтік экономика). Макроэкономика. Инфляция және жұмыссыздық, нарықтық

экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі мен мәні. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу түрлері мен әдістері.

Еңбек нарығы, еңбек нарығының ерекшеліктері, субъектілері, еңбекке сұраныс, еңбекке ұсыныс. Еңбекақы, номиналдық және шынайы еңбекақы. Еңбек нарығындағы кәсіподақ рөлі, еңбек биржасы және оның қызметтері.

V Бөлім. Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет

16-шы тақырып. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары. Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік органдары. Мемлекеттік билік туралы ұғым, Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Үкіметтің, Парламенттің қызметі, рәсімделу реті, әділеттілік және сот билігі, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар.

Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық тәртіп және заңды жауапкершілік. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет, азаматтардың құқықтық санасы және құқықтық мәдениеті. Құқықтық сана түсінігі, түрлері, құқықтық идеология және құқықтық психология, құқықтық мазмұны мен деңгейі.

17-ші тақырып. Жеке құқықтың негізгі салалары. Құқық қорғау органдары.

Жеке құқықтың негізгі салалары. Азаматтық құқықтың негіздері. Азаматтық құқық ұғымы және негізгі көздері, азаматтың құқықтың ұстанымдары, азаматтық құқық субъектілері, меншік құқығы. Кәмелетке толмағандар мүлдіктік қатынасқа қатысушылар ретінде. Азаматтық-құқықтық келісімнің негізгі түрлері, тұтынушы құқықтары.

Құқық қорғау органдары. Құқық қорғау органдарының қызметі мен ұйымдасу негіздері. Құқық қорғау органдарының түрлері, мемлекеттік қызмет ұстанымдары. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің құқығы, міндеттері және жауапкершілігі.

18-ші тақырып. Заңдылық және құқықтық тәртіп. Экологиялық құқық негіздері. Жария құқықтың негізгі салалары.

Зандалық және құқықтық тәртіп. Қоғамдық тәртіп және құқықтық қамтамасыз ету ұғымдары. Ұлттық қауіпсіздік. Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық қызығушылығы. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатері.

Экологиялық құқық негіздері. Экологиялық құқық ұғымы және негізгі көздері, экологиялық құқық ұстанымдары, экологиялық заңмен қорғалатын негізгі нысан. Табиғатты пайдалану түсінігі мен түрлері. Экологиялық құқықтағы азаматтардың құқығы мен міндеттері. Экологиялық тәртіп бұзушылық және ол үшін жауаптылық.

Жария құқықтың негізгі салалары. Әкімшілік құқық ұғымы және негізгі бастаулары. Қылмыстық құқықтың негіздері. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі. Қаржы және салық құқығы ұғымы және олардың негізгі бастаулары.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

- Болмыс, диалектика, метафизика, әдіс, методология, индукция және дедукция, талдау және жинақтау, аналогия және салыстыру, эксперимент, бақылау, гносеология, сезімдік және рационалды таным, логикалық және абстракті ойлау, агностицизм, сана, асқақ және меілеу, трагедиялық, комедиялық, эстетикалық талғам, эстетикалық сезім, эстетикалық дүниетаным, ұғымдарын атай алады;

- Ғылыми ойлаудың жалпы ұстанымдарын; ойлаудың логикалық заңдылықтарын, материалдық дүниенің дамуының жалпы заңдарын; ақиқаттың критерийлерін; адам қызметінің түрлерін; эстетиканың проблематикасын, міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіре алады.

- Танымның философиялық әдістері мен нақты ғылымдардың арнайы әдістерін; ғылыми және бейғылыми танымды; оптимистік және пессимистік трагедияны; түрлі ұрпақ өкілдерінің эстетикалық талаптарын; Ғылыми әдістер ұстанымдарын және олардың категориялары мен ұғымдарын; ғылыми таным методологиясының маңызын, философиялық әдістің өзіне тән сипатын; эстетикалық игерудің субъективті жақтарын; эстетикалық дүниетанымды қалыптастырудағы көркемөнердің рөлін ажырата біледі.

- критерийлерді ескере отырып, философияға ғылымдар методологиясы ретінде; әдіске мақсатқа жету құралы ретінде; ақиқатты анықтауда қоғамдық практиканың рөліне; қазіргі замандық жастардың эстетикалық мүдделеріне; дәстүрлі өнердегі эстетикалық құндылықтарды бағалай біледі.

- Қоғам дамуының тарихи-әлеуметтік- экономикалық және саяси- құқықтық жүйелерінің негізгі ұғымдары, жекеленген заңдылықтары туралы қарапайым түсінігі бар:

- жеке тұлғаның бостандығы, өзгені сыйлау, жеке адамның еріктілігін ұғымдарын біледі;

- ҚР конституциясына сәйкес қарым-қатынастың құқықтық негіздерін түсінеді;

- қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы материал жинақтау мен талдау кезінде экономикалық және құқықтық білім негіздерін пайдалана алады;

- құқықтық және экономикалық бағыттағы оқиғалар мен теориялық материалдарды байланыстыра алады.

- Қоғам дамуының негізгі бағыттары мен заңдылықтарының теориялық мәнін түсінеді

- жеке меншік негізінде экономикалық тәуелсіздіктің өсуі туралы біледі;

- ҚР-ның басқа мемлекеттер мен құқықтық және экономикалық қарым-қатынас негіздерін түсінеді;

- қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды талдауда құқықтық және экономикалық білімдерін пайдалана алады;

- өзінің әлеуметтік-экономикалық сипаттағы іс-қимылдарын түсіндіре алады.

- Қоғам дамуының негізгі бағыттарын анықтауда ақпараттық дерек көздері маңыздылығын біледі:

- өз бетінше экономикалық және құқықтық тұрғыда шешім қабылдай біледі;

- берілген мәліметтерді салыстыра алады және жалпылай біледі;

- әлеуметтік-экономикалық келіспеушіліктерді шешуде мемлекеттер арасындағы құқықтық-экономикалық қарым-қатынастарды түсінеді;
- жас жеткіншектер арасындағы саяси-экономикалық нормаларға қатысты келіспеушілік жағдайларды шешуде өз бетінше шешім қабылдай алады;
- дерек көздеріне сын көзбен қарай отырып қорытынды жасай алады, өз іс-әрекетінің нәтижесін болжай алады.
- Адамның қызметіне тұтас жүйе ретінде, қызметтің мақсаты мен құралының арақатынасына, даралықтың көрінісі ретінде мінезге, адамның психологиясына сипаттама жасай алады;
- Өзіндік сана мен қоғамдық сананың мәнін, тұлғаның әлеуметтену үрдісін, мақсат қою мен көре білудің мәнін ажырата біледі.
- Өркениет, қоғамдық-экономикалық формация, табиғи ортаның қоғамдық компоненті, табиғи ортаның тепе-теңдігі, экологиялық проблемалар, экологиялық саясат, әлеуметтік топ, әлеуметтік мүдделер, әлеуметтік еркіндік, әлеуметтік мәртебе, әлеуметтік рөл, өмір салтын атай біледі;
- Негізгі жалпы өркениеттік жетістіктер мен құндылықтарды, өркениеттердің тарихи тұрпаттарын, қоғамдық прогресс өлшемдерін, экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын, әлеуметтік құрылымның негізгі элементтерін, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын, өмірлік деңгейдің өлшемдерін, әлеуметтік қайшылықтардың түрлерін ажырата біледі.
- әлеуметтік айырмалардың себептеріне, әлеуметтік құрылымның негізгі элементтеріне және олардың өзара байланыстарына, әлеуметтік мүдделердің мазмұнына, отбасының құрылымы мен қызметіне, әлеуметтік еркіндік пен жауапкершілікке, әлеуметтік мәртебенің мәніне, әлеуметтік қатынастардың мәні мен тұрпаттарын сипаттай алады.
- Өркениет, қоғамдық-экономикалық формация;
- негізгі жалпы өркениеттік жетістіктер мен құндылықтарды, өркениеттердің тарихи тұрпаттарын, қоғамдық прогресс өлшемдерін, экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын, әлеуметтік құрылымның негізгі элементтерін, әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттарын, өмірлік деңгейдің өлшемдерін, әлеуметтік қайшылықтардың түрлерін ажырата біледі;
- Өркениеттік және формациялық тұрғыларды, қоғам дамуының эволюциялық және революциялық формаларын, түрлі өркениеттердегі табиғи ортаға түрліше көзқарастарды, әлеуметтік белсенділіктің түрлі формалары мен көріністерін, қоғамдық даму үрдісінде еңбекті ізгілендіру көріністерін түсіндіре біледі;
- Еңбек өнімділігі, бағалы қағаздар, жекешелендіру, инфляция, экономикалық тиімділік, ұлттық жиынтық өнім, ұлттық табыс, бюджет, инвестиция. Тіршілік минимумының өлшемдерін, экономикалық өрлеу факторларын атай біледі;
- Экономикаға жүйе ретінде, экономикалық мүдделердің мазмұнына, экономикалық қызмет субъектісі ретіндегі кәсіпорынға, өндіріс факторы ретіндегі капиталға, нарықтың мәніне, нарықтың тұрпаттарына және олардың өзара байланысына, жұмыс күшінің құрылымы мен сапасына, қаржы-кредит саясатына, экономикалық өмірдегі мемлекеттің рөлін, экономиканы мемлекет тарапынан реттеу әдістерін салыстыра біледі;

- Саяси ойлау, саяси сана, саяси харизма, саяси эволюция, саяси элита, саяси қақтығыс, консенсус, саяси норма, саяси мәдениет, саяси діл, идеология; Азаматтық қоғамның белгілерін, оппозицияның рөлін, халықаралық саяси ұйымдарды атай біледі.

- Саяси жүйенің құрылымы мен қызметіне; саяси үрдіске әрекетпен қосылу ретіндегі саясатқа араласуға; саяси сана мен саяси тәртіптің өзара әрекеттесуіне; саяси қақтығыстар және оларды шешу құралдарына; саяси оппозицияның мәніне; саяси реформалардың шарттарына, мақсаттарына және құралын сипаттай біледі.

- Саяси қақтығыстардың мәнін, себептерін және оларды шешу жолдарын; саяси элитаның рөлін, саяси жетекші мен бұқараның рөлін; демократиялық қоғам құрудың алғышарттарын және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын талдап түсіндіре біледі.

- Мәдени құндылықтар, ұлттық мәдениет, мәдени дәстүрлер, тұлғааралық қатынастар; Қазіргі замандық қоғамда білімнің даму ерекшеліктерін, ғылымның дамуының аса маңызды заңдылықтарын түсіндіре алады;

- Қоғамның және тұлғаның рухани құндылықтарды жасау, меңгеру және өткізіп беру жолдарына; рухани аяның негізгі элементтерін және олардың арасындағы байланыстарға; мәдениеттегі жаңалық пен жалғастықтың ара байланысына; ғылымдағы ажырату мен кіріктіруге сипаттама береді.

- "Мәдениет" және "өркениет" ұғымдарының арақатынасын, мәдени диалог ұғымын, мәдениетті жасау заңдылықтарын, мәдени саясаттың негізгі бағыттарын, рухани мәдениеттің негізгі элементтерінің байланыстарын, мәдениеттегі элиталық пен бұқаралықтың өзара байланысын, қоғамдық мораль мен іскерлік этикет арасындағы байланысты талдап түсіндіреді.

- Сыртқы критерийлерді ескере отырып, өнердің қоғамдық маңыздылығына, қоғамдағы адамның қызметін реттеудегі мәдениеттің рөліне, тұлғааралық қатынастарды орнатудағы жүздесу мәдениетінің рөлін бағалайды.

Оқытудың әдістемелік ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында орта мектепте берілетін білімнің мазмұны қоғамның үнемі динамикалы алға жылжуын және тұлғаның компетенттілігін – саяси сауаттылығын, демократиялық мәдениеті жоғары болуын, құқықтық белсенділігін, азаматтық қоғам жағдайында өмір сүре білуін, дүниеге ғылыми көзқараспен қарай алуын қамтамасыз ететін деңгейде болуы керек. Біздің мемлекетте және дүние жүзінде болып жатқан қазіргі заманғы әлеуметтік – экономикалық және саяси процестер өсіп келе жатқан ұрпақтан қоғамдық құнды ой – пікірлерді меңгеру қажеттілігін талап етеді.

Жаһандану және плюрализмді қалыптастыру жағдайында жеткіншек ұрпақты қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеп, оларда азаматтық ұстамдық қалыптастыру ерекше маңызды. Бұл – тарихи, отандық саяси -әлеуметтік ой – пікір жетістіктеріне қол жеткізуді қажет етеді.

Әр тарихи кезеңдегі білімнің мазмұны мен мәні сол кездегі заманауи талаптардан туындайтындықтан білім беру жүйесінің сипаты да оны реттеуші ресми құжаттар негізінде өзгертіліп, жаңартылып, толықтырылып отырады. Қоғамдық білім негіздері пәнін оқытудың құқықтық-нормативтік базасын пәннің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары құрайтыны баршамызға белгілі.

Жалпы орта білім стандартында "Қоғамтану" пәнінің маңызы қоғамтанушы ғылымдардың қазіргі қоғамдағы рөлімен және олардың мемлекеттің және демократияның даму қарқынына әсерімен анықталады. Қоғамтанушы білімдер жалпы орта білімнің құрамдас бөлігі болып табылады, оқушылардың философиялық-әлеуметтанушы пәндер негіздерін игеруін қамтамасыз етеді, олардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады, ғылыми дүниетанымның қалыптасуына септігін тигізеді.

Кез-келген деңгейдегі және күрделікті әлеуметтік жүйеде адам басты компонент ретінде көрініс береді. Әлеуметтік жүйе құрылымындағы орталық элемент болуына байланысты және тұлғалар мен адамдар ұжымдарының қызметінің мәні солардан көрініс беретініне орай, адам онда негізгі функция атқарады. Адам қоғамдық жүйе мен табиғат арасындағы өзара байланысты жүзеге асырады. Ол басқарудың да басты объектісі және субъектісі болып табылады. Адам - әлеуметтік ақпаратты тасушы, жаңартушы және пайдаланушы. Өмір аясының қайсысында қарастырылса да, адам негізгі зерттеу объектісі болып қала береді. Адамның әлеуметтік-психологиялық нышандары, оның биологиялық сапалықтарымен бірге, тұтас жүйе ретіндегі тұлғаның компоненттерін құрайды.

Философия, экономика, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, демография, кибернетика, логика, т.б. қоғамтанушы ғылымдардың зерттеу объектісінің елеулі кеңеюіне байланысты айқындалады.

Қазақстан Республикасындағы білім дамуының қазіргі кезеңі жүйедегі құрылымдық өзгерістермен, оның барлық салаларында реформалаудың ауқымды жүріп жатуымен және дүниежүзілік прогреспен қауышу, сонымен қоса, өз халқының рухани мұрасынан сусындау арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған білімнің жаңа мазмұнының айқындалуымен сипатталады. Қоғамның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік дамуының

өтпелі жағдайында білім аясындағы әр жаңа қадам және жаңаны іздеуге ұмтылыстың терең философиялық-дүниетанымдық маңызы бар. Өйткені, болашақ білім жүйесінің бүгінгі күйінен басталады. Қазіргі кезде білім жүйесінде мазмұндық тұрғыдан алғанда білімді ізгілендіру мен демократияландыру бағытында үлкен өзгерістер жасалып жатыр.

Қоғамды демократияландыру, әлеуметтік, азаматтық және құқықты мемлекет орнатуға бағыт алу жалпы білім беретін мектептерде "Қоғамтану" оқытуды ең өзекті пәндердің бірі ретінде алдыңғы лекке шығарып отыр.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық өзгерістерге, ғылыми-педагогикалық дерек көздерге және фактілерге сүйене отырып, интеграцияланған пән бағдарламасы дайындалды. Отандық дәстүрлі білім беруге, халықаралық педагогикалық тәжірибеге, психологиялық-педагогикалық жаңа ойларға сүйене отырып жалпы адами құндылықтар басымдылығын, адамның өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, адами құндылықтарды, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу мақсаты қойылып отыр.

«Қоғамтану» оқу пәнінің мазмұнын және құрылымын таңдауда білім берудің негізгі деңгейі кіріктірілген және сабақтасқан принциптері негізінде құрылған.

Оқу пәнінің мазмұны оқытудың негізі мақсатты принциптеріне сәйкес құрылған, «Қоғамтану» пәнінің ерекшелігі оның оқушылардың алған білімдерін жинақтаушы, қорытушы қызметіне сай, өзге пәндерде өтілетін материалдармен тығыз байланысты болып отырғандығында.

Біз қамтып отырған материал қоғам және гуманитарлық циклде енетін пәндермен ғана емес, жаратылыстану және дәл ғылымдармен, еңбек және өнер тобына енетін пәндермен тығыз байланыста болуы керек.

Пәнаралық байланыс білімнің толықтығын, тереңдігін қамтамасыз етуге әсерін тигізеді. Дидактикалық талаптардың негізгілерінің бірі болып табылатын білімнің тұтастығы да осы пәнаралық байланыста жүзеге асырылады. Қосымша әдебиет, электрондық оқулықтар және бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау білігі мен дағдыларын қалыптастыру

Оқу пәнінің мазмұнын таңдау сыныптардың оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес, шығармашылық, денсаулық сақтау, тұлғалық-бағыт және құзыреттілік тұрғы негізінде орындалған, нәтижеге бағытталған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті негізгі орта білім беру стандартында көрсетілген, білім алушылардың құзыреттілік жетістіктеріне бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер тізім

Негізгі әдебиет

1. Адам және қоғам: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық / М.Сәбит, М.Изотов, Ә.Нысанбаев, т.б. – Алматы; Мектеп, 2011

Қосымша әдебиет

1. Борисов Е.Ф., Волков Ф.М. Основы экономической теории, М., 1993
2. Введение в обществознание, М., 1999
3. Введение в политологию, М., 1994
4. Введение в философию, М., 1995
5. Жунусов Б.А., Комягин Б.И. Основы экономической теории, Актюбинск, 1994
6. История религии, М, 1998
7. Культурология в вопросах и ответах, Ростов-на-Дону, 1998
8. Малышевский А.Ф. Мир человека, М., 1995
9. Хачатурян В.М. История мировых цивилизаций. М., 1997
10. Человек и общество. Учебное пособие для 10-11 классов. Под редакцией Л.Н. Боголюбова и А.Ю. Лазебниковой, М., 1998
11. Человек и общество. Современный мир. Учебное пособие для 11 класса. Под редакцией В.И. Купцова, М., 1994
12. Закон о браке и семье РК
13. А. Кунанбаев. Полное собрание сочинений в 2т. А, 1990
14. И. Алтынсарин. Полное собрание сочинений. А, 1978
15. Молодые ученые о демографических проблемах в Казахстане. А, 2000
16. Демография. М, 2004
17. Социально-демографические процессы в Казахстане. А,1991
18. Булатова А.Н. Курс лекций по социологии. А, 2002
19. Экономика северного Казахстана; потенциал, перспективы, развитие. А,1997
20. Весь мир: расы, народы, нации, народности. М, 2000
21. Садохин А.П. Этнология. М,2000